



Тақырыбы: «Арынды сақта, бойжеткен»

Мақсаты:

Білмділік: Қыз балаларға өздерін күтуге, жаман заттардан аулақ болуға, таза жүруге үйрету.

Дамытушылық: Қыздардың ой-өрісін, танымдық қасиеттерін, рухани білімін, логикалық ойын дамыту.

Тәрбиелік: Жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден бойларын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

Түзетушілік: Дыбыстарды дұрыс және анық айтылуын, сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалау.

Көрнекілігі: Суреттер, кима-қағаздар.

Ұйымдастыру кезеңі: а) Амандасу.

ә) Көңіл күйлерін сұрау. Түгелдеу.

Сабактың түрі: Әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Арлылық – адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Арлы кісі – ұят, иба, намыс, қанағат, әдеп, шүкіршілік секілді бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білген мол парасат егесі. Қазақ халқы – талайлы тағдырында сан түрлі қиындықтарды бастан кешсе де, арына дақ түсірмеген текті халық. Артық күлкі, артық ұйқы, артық тамақтың өзін арсыздыққа балаған ата-бабаларымыз ар тазалығына өткір сынмен қараған. Ел ішіне кең тараған «Мал сақтама, ар сақта», «Ердің құны бір ділдә, абыройы мың ділдә», «Ар – иманның жолдасы», «Ақылың болса, арынды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген нақыл сөздер соның белгісі.

Арлылық – тектілік пен көргендіктен, иман мен жігерден туатын қасиетті мінез. Арлы адам ең әуелі ұятын сақтайды, адамдық мінезден айнауды намыс көреді. Түлкімінез жарамсақтыққа, жағымпаздыққа, сатқындыққа, қорқаулыққа, аярлық пен арамдыққа бармайды. Тоғышарлық пен күнәдан бойын аулақ ұстап, дүниелік ұсақ-түйекке бола кісілік қадір-қасиетін төмендетпейді. Қандай жағдайда болмасын, өз тағдырына разылық танытып, тоқмейіл қалпын сақтайды. Кісіге қол жаймайды, ешкімнен ештеңе дәмепейді де. Арлы адам үшін кісіге масыл болудан артық қорлық болмақ емес. Табан ақы, маңдай терімен күн көріп, күдіретті Жаратушының алдында ғана бас иеді.

«Сұм – сұғанақ ортасында ұялдым, күні-түні азап тарттым, құрыдым», - деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, қазақ халқы да өз тұрмысында ұятсыздық, тоғышарлық, ашқарақтық, жалқаулық секілді жағымсыз қылықтарды сынаған. «Мешкей деген жақсы ат емес», «Ашты тойғызарсың, ал ашкөзді қайтіп

тойғызасын», «Сұқ семірмейді, ұры байымайды», «Жас ұялшақ келер, арсыз сұрамшақ келер» деген секілді сөздермен балаларын тәрбиелеген. Әсіресе, қыз баланың арлы, ибалы, әдепті болып өсуін қатты қадағалаған. «Қызға қырық үйден тыйым» жасап, оның абыройына ел болып жауапкершілікпен қарауға шақырған. «Арсыз болса, қызың жау» деп (Жетес шешен) қыздың арсыздығы тұтас елдің басына салық болады деп қараған.

Әбубәкір Кердері бабамыз (1861-1905) бір өлеңінде әдепті қыз бен әдепсіз қыздың мінезін былай деп суреттеген екен:

Қыз болуда не пайда?

Болмаса сабыр, салмағы.

Қыздарды көркем көрсеткен

Мінездің сынық болмағы.

Жігіттерді көргенде,

Жалтаң – жалтаң қараса

Кеткендей - ақ алмағы.

Оның аты қыз емес

Шайтанның ұшқан қаңбағы.

Ата - анадан асылы

Ұлықсатсыз жүрмеген.

Сұрамаған сөзді білмеген

Қыздардың осы саңлағы!

Қыздарды арлылыққа тәрбиелеуде әлі некелеспеген қыз бен жігітті оңаша қалдырмау, әйел затының ашық - шашық киінбеуі, ақ некені қадірлеу секілді Ислам дініндегі ұлағаттардың берері мол.

Қорытынды: Ата-бабаларымыз ар сақтауда нүктедей пайдаға бола үтірдей иілмеуге, болар-болмас дүниеге бола арын сатпауға, дүниеқоңызданып абырой төкпеуге, сақалын саудалап сүйкімін кетірмеуге, ешкімнің алдында төмендемеуге шама келгенше кісіге қарыздар боп қалмауға, оның орнына не тілесе де Аллаһтан тілеуге шақырған.

Мек: Асқар